

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Сәтбаев университеті

Т.К Бәсенов атындағы сәулет құрылыс және институты
Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ
Кафедра меңгерушісі
техн. ғыл. маг. лектор

_____Қызылбаев Н.Қ.
«_____» _____ 2019 ж.

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Ақтау қаласындағы әкімшілік ғимарат»

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Орындаған

Абдреев А.

Пікір беруші
тех. ғыл. магистрі

Ғылыми жетекші
техн. ғыл.кан. қауым. проф.

_____Омаров Ж. А.

_____Наширалиев Ж.Т.

«_____» _____ 2019 ж.

«_____» _____ 2019 ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сатпев университеті

Т.К Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Абдреев Арман

Талғар қаласында әлеуметтік үй

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B072900 – Құрылыс мамандығы

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Сатпаев университеті

Т.К. Бәсенов атындағы сәулет және құрылыс институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5B072900 – Құрылыс

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

техн. ғыл. маг. лектор

_____Қызылбаев Н.Қ.

«___» _____ 2019 ж.

Дипломдық жоба орындауға ТАПСЫРМА

Білім алушы Абдреев Арман

Тақырыбы Талғар қаласында әлеуметтік үй

Университет ректорының « 30 » қазан 2018 ж. № 12106 - бұйрығымен бекітілген.

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі « 24 » мамыр 2019 г.

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Құрылыс ауданы – Талғар қаласы, ғимараттың конструкциялық жүйесі - қаңқалы, тұтас құймалы темірбетоннан, іргетас - темірбетонды ленталы, қабатаралық жабын – тұтас құймалы темірбетонды плита, сыртқы қабырға - кірпіштен

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі:

1.Сәулеттік - құрылыстық бөлімі: құрылыс ауданының сипаттамалары; бас жоспардың шешімдері; көлемдік-жоспарлық шешімдер; сәулеттік-конструктивтік шешімдер; сыртқы қабырғаның жылутехникалық есебі; ғимаратты инженерлік жабдықтау;

2.Есептік- конструктивтік бөлімі: жүктемелерді анықтау және есептік схеманы құру ; темірбетон элементтерінің есебі және оларды құрастыру;ұстындарға қажетті арматура тағайындау ;арқалыққа қажетті арматура тағайындау ; аражабын есебі

3. Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы және еңбекті қорғау бөлім: саты адымының есебі; жұмыстар көлемін анықтау, жұмыстардың еңбек сыйымдылығы және машина-кезек санын есептеу, монтаждау кранын таңдау, монтаждау жұмыстарының техкартасын құру, құрылыстық бас жоспарды және құрылыстың күнтізбелік жоспары құрастыру; қауіпсіздік техникасы және өндірістік санитария;

4.Құрылыс экономикасы бөлім:жергілікті және объектілік сметаларды жасау

Сызбалық материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс):

1. Ғимараттың қасбеті, қималар, түйіндер,спецификация,жоспар - 4 парақ;

2. Ұстын, арқалық, аражабын, спецификациялар,арматуралануы - 2 парақ;

3.Монтаждау жұмыстарының техкартасы, құрылыстың күнтізбелік жоспары, құрылыстық бас жоспар - 3 парақ

Ұсынылатын негізгі әдебиет: 1.ҚР ҚН ЕЖ 2.04-01-2017 «Құрылыс климатологиясы»

2. ҚР ҚНжЕ 2.04-107-2013 «Құрылыс жылутехникасы», Құрылыс істері жөніндегі комитет МЭиТ РК. – Астана, 2002

Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Ғылыми жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Сәулеттік - құрылыстық бөлім	18.02-01.03.2019 ж.	
Есептік-конструктивтік бөлім	18.03-29.03.2019 ж	
Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы және еңбекті қорғау бөлім	03.04-19.04.2019 ж	
Құрылыс экономикасы бөлімі	15.04-19.04.2019 ж	
Антиплагиат, нормаконтроль, алдынәала қорғау	19.04-29.04.2019 ж	
Қорғау	13.05-24.04.2019 ж	

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен
норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты,тегі (ғылыми дәрежесі,атағы)	Қолтаңба қойылған күні	Қолы
Сәулеттік-құрылыстық бөлім	Наширалиев Ж.Т. техн. ғыл.кан. қауым. проф.		
Есептік-конструктивтік бөлім	Наширалиев Ж.Т. техн. ғыл.кан. қауым. проф.		
Құрылыстың технологиясы мен ұйымдастыру және еңбекті қорғау бөлімі	Наширалиев Ж.Т. техн. ғыл.кан. қауым. проф.		
Құрылыс экономикасы бөлімі	Наширалиев Ж.Т. техн. ғыл.кан. қауым. проф.		
Тіршілік әрекеті қауіпсіздігі және еңбекті қорғау	Наширалиев Ж.Т. техн. ғыл.кан. қауым. проф.		
Норма бақылаушы	Козюкова Н.В. техн. ғыл. маг. лектор		

Ғылыми жетекшісі _____ Наширалиев Ж.Т.
(қолы)

Студент тапсырманы орындауға
қабылданды _____ Абдреев А.А.
(қолы)

Күні «___» _____ 2019ж.

Аңдатпа

Дипломдық жоба тақырыбы: «Талғар қаласында әлеуметтік үй». Ол келесідей бөлімдерден құралған:

- 1) сәулет-құрылыс бөлім;
- 2) есептік-конструктивтік бөлім;
- 3) құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыру бөлімі;
- 4) еңбекті және қоршаған ортаны қорғау бөлімі;
- 5) құрылыс экономикасы бөлімі.

Диплом жобасында сәулет-құрылыс, есептік-конструктивтік және өндірістік бөлімдер бойынша инженерлік шешімдер қабылданып, экономика бөлімі ABC-4 бағдарламалық кешенде есептелінген. Жобаның толық техникалық-экономикалық көрсеткіштері анықталып, тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бөлімдері бойынша шешімдер қабылданған.

Аннотация

Тема дипломного проекта: «Социальный дом в городе Талгар». Дипломный проект состоит из 5-и разделов:

- 1) архитектурно-строительный раздел;
- 2) расчетно-конструктивный раздел;
- 3) раздел организации и технологии строительства;
- 4) охрана труда и окружающей среды.
- 5) раздел экономики строительства.

В данном проекте в архитектурно-строительных, расчетно-конструкционных и производственных частях приняты инженерные решения, а экономическая часть просчитана программой ABC-4. Выявлены общие технико-экономические показатели проекта, а также приняты решения о защите окружающей среды и безопасности жизнедеятельности.

THE SUMMARY

Theme of the degree project: «Social house in Talgar». The degree project consists of 5 sections:

- 1) architecturally-building;
- 2) settlement-constructive;
- 3) section of the organization and technology of building;
- 4) a labor safety and environment;
- 5) section of construction economics.

In the given project in architecturally-building, settlement-constructive and industrial parts engineering decisions are made, and the economic part is counted by program ABC-4. The general technical and economic indicators of the project are revealed, and also decisions on environment and health and safety protection are made.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	6
1 Сәулеттік–құрылыстық бөлім	7
1.1 Құрылыс ауданының сипаттамалары	7
1.2 Көлемдік–жоспарлық шешімдер	8
1.3 Сәулеттік–конструктивтік шешімдер	8
1.4 Қоршау конструкцияларының жылутехникалық есептері	8
1.5 Ғимаратты инженерлік жабдықтау	9
1.6 Өртке қарсы шаралар	10
1.7 Антисейсмикалық шаралар	10
2 Есептік–конструктивтік бөлім	13
2.1 Жүктемелерді анықтау және есептік схеманы құру	13
2.2 Ұстынның есебі	17
2.3 Баспалдақтың есебі	20
3 Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы	23
3.1 Топырақ көлемін анықтау жұмыстары	23
3.2 Техника–экономикалық көрсеткіштерге сәйкес экскаватор таңдау	24
3.3 Пайдалану кезіндегі экскаватордың өнімділігі	27
3.4 Автокешеннің санын анықтау	29
3.5 Объективтік құрылыстық бас жоспарды жобалау	30
3.6 Құрылыс алаңындағы уақытша үймереттер және ғимараттар	31
4 Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау	33
5 Құрылыс экономикасы бөлімі	35
ҚОРЫТЫНДЫ	36
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	37
Қосымшалар	

КІРІСПЕ

Кез келген мемлекеттің ең маңызды экономикалық және индустриалдық бөлігінің құраушыларының бірі құрылыс саласы болып саналады.

Құрылыс мемлекеттің әрбір саласымен тығыз байланысты болғандықтан, құрылыстың дамуы, мамандардың біліктілігі, заманауи технологиялардың экономикалық жағынан тиімді қолдануы мемлекеттің статусын көтеріп, дамуына зор ықпал етеді.

Зауыт, фабрика, өнеркәсіп кешендері, сауда үйлері, тұрғын үй кешендері, өнер сарайы, мәдениет үйлері, стадиондар, көпір, туннельдер және тағы басқа үймереттер мен ғимараттардың құрылысы мен жасалу жолдары құрылыс саласында қарастырылады. Құрылыс саласы ауқымды, әрі күрделі болғандықтан құрылыс типіне, жасалу жолына, күрделігіне, қолдану материалына және тағы басқа шарттары мен айырмашылығына байланысты бірнеше типке бөлінеді.

Қазіргі таңдағы құрылыс процесстері өте күрделі жұмыстар кешенінен тұрады. Құрылыс қаржы-экономикалық және құрылыстың салыну мерзімі жағынан тиімді болуы үшін, қазіргі таңда дамыған мемлекеттер «BIM» технологиясымен кең қолданады.

Ғимаратты ақпараттық модельдеу (BIM- Building Information Model) - бұл ғимаратты тұрғызу, жабдықтау, пайдалануды және жөндеуді қамтамасыз ету (объектінің өмірлік циклін басқару) тәсілі, ол ғимарат және оған қатысы бар барлық ғимараттар туралы барлық сәулет-конструкторлық, технологиялық, экономикалық және өзге де ақпаратты оның барлық өзара байланыстары мен тәуелділіктері бар жобалау процесінде жинақтауды және кешенді өңдеуді көздейді.

BIM бірлескен топтарды қолдайды, сондықтан әр түрлі мамандар бұл ақпаратты құрылыстың барлық кезеңдерінде бірге, синхронды пайдалана алады, жіберу кезінде қателіктерді және ақпараттың жоғалуын болдырмайды. Ғимараттың негізгі экономикалық және экологиялық сипаттамалары эскиздік жоба сатысында анықталады, бұл қажет болса, жобаға алдын ала өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. BIM-технологиялар ғимараттың инженерлік жүйелерінің нақты құрылысын орындауға мүмкіндік береді. Талап етілетін жабдықты неғұрлым жылдам және қарапайым таңдау процесі жүзеге асырылады. Автоматтандыру есебінен нақты спецификацияны және ведомості анықтайды. Сметаны болжау мүмкіндігін береді.

Әлеуметтік үй өзінің архитектуралық сұлулығымен көптеген туристерді және қала тұрғындарын тартады, ал мұндай ғимараттың қажеттілігі мен маңыздылығы өте зор. Әлеуметтік үй қасбетінің сұлулығы, функционалдығы, ішкі дизайны және архитектуралық нысаны қала беделінің нышаны болып табылады. Сол себептіде менің дипломдық проектім ретінде таңдауым әлеуметтік үй түсті. Ғимаратты ақпараттық модельдеу тәсілін, жаңа нормативтік нормалар мен заманауи бағдарламалар пайдалана отырып, дипломдық жобамызды жасағым келеді.

1 Сәулет-құрылыс бөлімі

1.1 Құрылыстың ауданының сипаттамалары


Қазақстан Республикасының Талғар қаласының табиғи-климаттық және инженерлік-геологиялық жағдайлары:

- құрылыстың климаттық ауданы - III В (ҚР ЕЖ 2.04-01-2017)
 - сыртқы ауалық есептік орташа ең суық тәулік температурасы – 26,9°C (сенімділігі 0,98) (ҚР ЕЖ 2.04-01-2017)
 - сыртқы ауалық есептік ең суық бес күндік температурас – 23,3°C (сенімділігі 0,98) (ҚР ЕЖ 2.04-01-2017)
 - қар жамылғысының салмағы бойынша - II аудан (0,7 кПа.)
 - жел нормативтік жылдамдығы бойынша аудан - III (0,38 кПа.)
 - ауданның сейсмикасы – 9 балл
 - қатудың нормативтік тереңдігі – 132см
- Ғимараттың негізгі сипаттамалары:
- жауапкершілік деңгейі- II
 - отқа төзу дәрежесі- II
 - конструктивтік өрт қауіптілігінің класы-С1
 - функционалдық өрт қауіптілігінің сыныптары- Ф3.2; Ф3.6; Ф4.3;

Шарты белгі ретінде 0.000 деңгей, ғимараттың бірінші қабаттың бірлік едені қабылданған. Бұл шартты белгі бас жоспарда жер деңгейіне сәйкес келеді.

Кесте-1.1 Жел-раушанын есептеу кестесі
Қаңтар және шілде айлары

Бағыттары	С	СШ	Ш	ОШ	О	ОБ	Б	СБ
Қаңтар	9	12	7	23	16	20	7	6
Шілде	5	11	6	45	17	8	4	4



Сурет-1.1 Жел раушаны

1.2 Құрылыс ауданының климаты

Қаланың климаты шұғыл континентальды. Жыл ішіндегі орташа ауа температурасы 8,7 °С, ең суық қаңтар айы орташа ауа температурасы - 7,9 °С, ең жылы шілде айы орташа ауа температурасы +23°С. Қаңтар айындағы абсолюттік минимум-38°С, абсолюттік максимум Шілдеде +42°С тіркелген. Ауа температурасы теріс кезең ұзақтығы 124 тәулікті құрайды. Жыл ішіндегі жауын-шашын мөлшері-629 мм, оның ішінде жаңбыр түрінде 541 мм. Қар жамылғысының орташа қалыңдығы 30 см-ге дейін жетеді. Талғар қаласының желі тыныш, оңтүстік-батыс бағыттағы басым желдері бар болып табылады. Желдің орташа жылдық жылдамдығы 1,9 м/сек құрайды. Температуралық режимі тұтастай алғанда, Қазақстан бойынша орташа температура қыс мезгілінде салыстырмалы жоғары температура есебінен әлдеқайда жұмсақ. Орташа көпжылдық ауа температурасы +10 °С тең. Ең суық айдың температурасы (қаңтар) -4,7°С, Ең жылы айдың (шілде) +23,8°С. Жылына орташа есеппен 600-650 мм жауын-шашын түседі, ең көбі сәуір-мамыр айларында келеді. Құрғақ кезең тамыз айына келеді.

1.3 Құрылыс ауданының геологиясы

Учаскенің геологиялық құрылыстарына орта және жоғарғы метвертті аллювиальды-пролювиальды шөгінділер (арQII-арQIII) қатысады, ол қуаттылығы 0,8 м-1,0 м үйінді топырақпен жабылған. Үйіндінің астында жатқан саздақтар, қоңыр түсті 2,6-3,0 м тереңдікке дейін (I типті) жартылай қатты консистенциялы, қабаттың қуаты 1,6-2,0 м. Жер асты сулары іздестіру кезеңінде (қазан 2017ж) тереңдігі 15,0 м ұңғымалармен ашылмады.

1.4 Антисейсмикалық іс-шаралар

Салынғалы отырған жобадағы жер сілкінісіне қарсы іс-шаралар ҚР ҚЖ 2.03-30-207 "Қазақстан Республикасы сейсмикалық аудандардағы (аймақтарындағы) құрылыстардың" шарттары мен талаптарына сай орындалған. Жобадағы ғимарат сейсмикалық деңгейі 9 балл болатын жағдайға төтеп бере алатындай жобаланған.

Ғимараттың тұтастығын, беріктігін қамтамасыз ету үшін ғимараттың көтергіш конструкцияларын тұтас құймалы темірбетоннан жобаланған. Конструктивтік сұлбасы – құймалы темірбетонды қаңқа. Ғимараттың көтергіш қабілетін тұтас құймалы арқалық, ұстын, аражабын және іргетас тақтасы қамтамасыз етеді. Ғимаратқа көп жүктеме түсірмеу мақсатында қоршау конструкциялары барынша жеңіл материалдардан алынған.

Ғимараттың орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында ғимаратта симметриялы орналасқан диафрагмалар бар. Іс-шаралардың тағы бірі-ғимарат ортасында орналасқан лифт шахтасы болып табылады.

Есептік-конструктивтік бөлімде ғимаратқа қосымша жүктемелер ретінде сейсмикалық жүктемелер беріледі. Лира-Сапр бағдарламасында әртүрлі бағыттардан, осьтерден жүктемелер тағайындалады. ҚР ҚЖ 2.03-30-207 "Қазақстан Республикасы сейсмикалық аудандардағы (аймақтарындағы) құрылыстарда" әр жүктеме түріне арнайы сенімділік коэффициенттері есептеліп, тағайындалған. Жүктемелерді жүктеу кезінде сол коэффициенттер ескеріліп, алынады. Бағдарлама сейсмиканы есепке алып, ішкі күш мәндерін, арматура аудандарын шығарып береді.

1.5 Сәулеттік-конструктивтік шешімдер

Ғимараттың конструкциялық шешімдері нормалар мен талаптарға сәйкес қабылданған. Ғимарат 5-қабатты және әр қабаты 3,000 метр биіктікті құрайды. Қаңқасы темір-бетоннан жасалған, сырқы қабырғасы екі жағынан сылақпен өңделген силикатты кірпіштен және пенопластпен жылытылған.

Іргетастар – бетон класы В30 болатын тұтас құймалы темірбетонды ленталы.

Ұстындар – 500х500мм тік бұрышты, қиылысатын, тұтас құймалы темірбетон;

Бас арқалықтар – 450х300мм тұтас құймалы, тік бұрышты қиылысатын темірбетон;

Бөлме аралық қабырға – кірпіш қалауы;

Сыртқы және ішкі қабырғалар – 370мм және 170мм

Аралық жабын – қалыңдығы 200мм болатын тұтас құймалы темірбетонды такта, арасында суоқшаулағыш төсеме және беткі қабаты 25мм ламинат. Аралық жабын– ғимаратты қабат аралыққа бөлетін және өз салмағынан вертикалды қоршаушы конструкцияларға сатылар салмақтарын, сонымен қатар олардың үстінде орналасқан интерьер заттардың, жабдықтар мен адамның салмақтарынан түсетін күштерді қабылдайтын горизонтальды көтеруші және қоршаушы конструкциялар.

Төбежабын (кровля) желдетілген, ішке қарай жинақталған су ағарымен. Жабын конструкциясы монолитті темірбетон қалыңдығы 150мм. Темірбетон үсті түзегіш цементті-құмды сылақ қалыңдығы 35мм, сылақ үстінен буоқшаулағыш қабат қарақағаз. Үстіңгі қабатты суоқшаулағыш қабат 25мм «Битулин» екі қабаттан тұрады.

Сатылар – тор бойымен қалыңдығы 22мм болатын, цементпен құмнан жасалған ерітіндімен сыланған монолитті темірбетонды баспалдақтар.

Есіктер – ағаш қайың біртұтас.

Ішкі әрлеу – суэмульциялы, эмальды және әкті бояу, әшекейленген тақтайлар.

Өртке төзімділік талаптарын қамтамасыз ету үшін ұстындардың және бас арқалықтар торды бойлай, цементті-құм ерітіндісі негізінде жасалған, қалыңдығы 4см болаттын сылақпен сыланады.

1.6 Құрылыс конструкциясын коррозиядан қорғау

Құрылыс құралымдарын коррозиядан қорғау "Құрылыс конструкцияларын тот басудан қорғау" ҚР ЕЖ 2.01-101-2013 талаптарымен сәйкес жасалған. Темірбетон конструкцияларындағы арматурасын қорғайтын жігі "Гидротехникалық құрылыстардың бетон және темірбетон конструкциялары жобалау" ҚР ЕЖ 3.04-102-2014ға сәйкес келеді. Барлық ашық металлдар беттері және конструкция беткейлері, бөлшектің жалғағыш элементтер және кепілдеме қағаздары 2 рет майлы бояуларымен боялған. Ағаш ұсталық бұйым зарарсыз пасталармен, екі тараптан да қаралудан өтеді және 2 рет майлы бояуларымен боялады.

1.7 Қоршау конструкцияларының жылу техникалық есебі

Сыртқы қабырға қалыңдығын есептеу.

Жылу техникалық есеп ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 «Құралыстық жылу техникасы», ҚР ЕЖ 2.04-106-2012 «Ғимараттардың жылу қорғанысын жобалау», ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын» ҚР ҚЖ 2.04-01-2017 «Құрылыс климатологиясы» сәйкес орындалды.

Наименование слоев	δ	γ	λ	R
Сәндік сылақ	5	1800	0,76	0,007
Тұтас туралау	10	1800	0,76	0,014
Жылыту " Пенопласт»	50	1800	0,04	1,86
Силикатты кірпіш	200	1900	1,2	0,16
Тұтас туралау	10	1800	0,76	0,014

Жылыту кезеңінің dd-градусо-тәулігі ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын» бойынша анықталады.

$T_{int} = 22$ град. ішкі ауаның есептік температурасы

$T_{ext} = -20,1$ град. сыртқы ауаның есептік температурасы (ең суық бес күндік) ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын» 3-қосымшасы бойынша қабылданады.

$\Delta T_n = 4$ нормаланатын температуралық ауытқуы 2-кесте бойынша қабылданады ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын».

Жылыту мезгілінің градус-тәклігінің (ЖМГС) келесі формула бойынша анықтау керек.

$$\text{ЖМГС}=(t_{\text{иш}}-t_{\text{ж.бу}})Z_{\text{ж.бу}}$$

мұндағы - $t_{\text{иш}}$ МСТ 12.1.005.88*-ге сәйкес ғимараттар мен имараттарды жобалау нормаларына сәйкес алынатын ішкі ауаның есептік температурасы, °C ($16 \div 18$);

$t_{\text{ж.бу}}$, $Z_{\text{ж.бу}}$ - ҚР ҚЖ 2.04-01-2017 «Құрылыс климатологиясы» бойынша 8°C-ден төмен және оған тең ауаның орташа тәуліктік температурасы және ұзақтығы, тәулік.

Талғар үшін: $Z_{\text{ж.бу}} = 164$ күн; $t_{\text{ж.бу}} = 0,4^\circ\text{C}$;

$$\text{ЖМГС}=(22-0,4) \cdot 164=3542,4^\circ\text{C} \cdot \text{тәулік}$$

Қоршаушы құрылымдардың жылу таратуға келтірілген кедергісі (1^* -кесте). аралық мәндерін интерполяциямен анықтау керек.

$D_d = 3542,4$; $R_o^{\text{reg}} = 2,76$ жылу беру кедергісінің нормаланатын мәні ҚР ҚН 2.04-03-2011 «Ғимараттардың жылу қорғанысын» 4-кестесі бойынша анықталады.

$R_{si} = 1/\alpha_i$; $\alpha_i = 8,7$ – коэффициентті қоршау конструкциясының ішкі бетінің жылу беру кестесі 4-кесте ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 «Құралыстық жылу техникасы».

$R_{se} = 1/\alpha_e$; $\alpha_e = 23$ – коэффициентті қоршау конструкциясының сыртқы бетінің жылу беру кестесі 6-кесте ҚР ЕЖ 2.04-107-2013 «Құралыстық жылу техникасы».

Қоршаушы конструкцияның жылу беруінің талаптық кедергісін мына формула бойынша анықтаймыз:

$$R_o^{\text{қаж}} = \frac{n(t_{\text{иш}} - t_c)}{\Delta t^H \alpha_{\text{иш}}} = \frac{1(22 + 20,1)}{4 \cdot 8,7} = 1,21 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C} / \text{Вт}$$

Қоршаушы конструкцияның жылу беру кедергісін R_o , $\text{м}^2 \cdot ^\circ\text{C} / \text{Вт}$, мына формуламен анықтайды:

$$R_o = \frac{1}{\alpha_{\text{иш}}} + \sum R_i + \frac{1}{\alpha_c}$$

$$R_o = 1/8,7 + \sum R_i + 1/23 = 0,115 + \sum R_i + 0,043 = 1,21 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C} / \text{Вт}$$

$$\sum R_i = 1,21 - 0,115 - 0,043 = 1,06 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C} / \text{Вт}$$


$$\sum R_i = 0,005/0,76 + 0,01/0,76 + X/0,04 + 0,2/1,2 + 0,01/0,76 = 1,06 \text{ м}^2 \text{ } ^\circ\text{C} / \text{Вт}$$

$$X = 0,896 \cdot 0,04 = 35,84 \text{ мм}$$

Пенопласт қалыңдығын 5 см аламыз.

Санитарлық - гигиеналық және жайлылық шарттардан:

$$R_0^{\text{қаж}} \leq R_0 = 0,005/0,76 + 0,01/0,76 + 0,1/0,07 + 0,2/1,92 + 0,01/0,76 + 0,115 + 0,043 = 1,73$$



Сурет - 1.1 Сыртқы қабырға контрукциясы

2 Есептік - конструктивтік бөлім

2.1 Жүктемелерді анықтау және есептік схеманы құру

Есептік-конструктивтік бөлімінде дипломдық жобаның, Талғар қаласындағы әлеуметтік үйдің есебі мен құрастырылу процессі жүргізілді.

Конструктивті шешімінің нәтижесі бойынша ғимарат монолитті қаңқадан тұрады. Іргетасы серпімді негізде орналасқан жабын, қалыңдығы – 800мм. Жер асты қабырғалары монолитті, қалыңдығы – 300мм. Қатаңдық ядросы (диафрагма) ғимарат бойымен тұтас қамтылған монолитті, қалыңдығы – 300мм. Ригелдердің қимасы – 450х300(бхh). Ұстындардың қимасы - 500х500мм. Аражабындар монолитті тұтас қабатының қалыңдығы – 200мм.

Темірбетонды элементтердің бетон классы В30 және жұмысшы арматураның классы А500, көлденең арматураның классы А240. Тұтас құймалы темірбетонды конструкцияларда элементтердің байланыстары арматураның пісірілген байланыстарымен және салмалы детальдармен қосылуы арқылы жүзеге асырылады.

Есеп ҚНЖЕ 2.01.07-85 «Жүктемелер мен әсерлер» талаптарына сәйкес ерекше және негізгі жүктемелер жинағы арқылы есептелген және ҚР ҚЖ 2.03-30-2017 «Қазақстан Республикасы сейсмикалық аудандардағы (аймақтардағы) құрылыстар» талаптарын ескеріп ерекше жүктемелердің 20 тербеліс формасы қарастырылды. Есептік сейсмикалық жүктемелер ҚР ҚЖ 2.03-30-2017 «Қазақстан Республикасы сейсмикалық аудандардағы (аймақтардағы) құрылыстар» талаптарына сәйкес ($K_1=1$; $K_2=0.25$; $K_3=1,24$; $K_0=1$; $A_T=0.5$; $A_B=0.4$;) қабылданды.

Кесте 2.1- Жүктемелерді жинақтау

Ко нс. ата уы	№ п/ р	Жүктемелер атауы мен еден қабатының түрлері	Өзг. бірл.	Норма тивтің жүктем енің мәні	γ_f	Есепт ік жүкте менің мәні
1	2	3	4	5	6	7
Төбе жабын		Тұрақты жүктемелер:				
	1	Гидроизоляция+геотекстиль $\Delta=10$ кг/м ²	кг/м ²	10	1,3	13,0
	2	Цементті-құмды ерітінді тұтастырғыш, $\delta=30$ мм, $\rho=1800$ кг/м ²	кг/м ²	54	1,3	70,2
	3	Пенополиуретан, $\delta=800$ мм, $\rho=5$ кг/м ³	кг/м ²	4	1,2	4,8
	4	Бу оқшаулағыш	кг/м ²	10,0	1,2	12,0
		Барлығы (темірбетонды жабынсыз)	кг/м ²			<u>230</u>
		Уақытша жүктемелер:				
		Қысқа мерзімді (қардан)	кг/м ²	70	1,4	98
		Қысқа мерзімді (қар қабынан)	кг/м ²	200	1,3	280

Кесте -2.1 жалғасы

Кон с. атау ы	№ п/ р	Жүктемелер атауы мен еден қабатының түрлері	Өзг. бірл.	Нормат ивтің жүктем енің мәні	$\square_f$	Есепті к жүкте менің мәні
Аражабындар		Тұрақты жүктемелер:				
	1	Ламинад, $\delta = 15$ мм	кг/м ²	12	1,2	14,4
	2	Цемент-құмды ерітіндіден жасалған фибростяжка $\delta = 40$ мм, $\rho = 1800$ кг/м ³	кг/м ²	72	1,3	93,6
	3	Кеук бетон, $\delta = 40$ мм, $\rho = 700$ кг/м ³	кг/м ²	28	1,3	78
		Барлығы (темірбетонды жабынсыз)	кг/м ²			186
		Уақытша жүктемелер:				
		Ұзақ мерзімді	кг/м ²	30	1,3	39
		Қысқа мерзімді	кг/м ²	150	1,3	195
Сыртқы қабырғалардың құрылымы 0,000-12,000		Тұрақты жүктемелер:				
	1	Сәндік сылақ 2 жағынан жасалғын 10мм+10мм+5мм $\rho = 1800$ кг/м ³ , $h = 3$ м	кг/м	216	1,3	281
	2	Пенопласт $\delta = 50$ мм, $\rho = 1800$ кг/м ³	кг/м	90	1,3	117
	3	Силикатты кірпіш $\delta = 200$ мм, $\rho = 1900$ кг/м ³	кг/м	380	1,3	494
		Барлығы 1 пог.м-ге	кг/м ²			892
Ішкі қабырғалардың құрылымы 0,000-12,000		Тұрақты жүктемелер:				
	1	Сәндік сылақ 2 жағынан жасалғын 15мм+15мм $\rho = 1800$ кг/м ³ , $h = 3$ м	кг/м	162	1,3	210,6
	2	Қызыл кірпіш $\delta = 120$ мм, $\rho = 1800$ кг/м ³	кг/м	216	1,3	280,8
		Барлығы 1 пог.м-ге	кг/м ²			491,4
Баспалдық едені		Тұрақты жүктемелер:				
	1	Керамикалық плита $\delta = 10$ мм, $\rho = 1800$ кг/м ³	кг/м ²	18	1,1	19,8
	2	Клей $\delta = 5$ мм, $\rho = 2100$ кг/м ³	кг/м ²	10,5	1,3	13,65
	3	Цементті-құмды ерітінді тұтастырғыш, $\delta = 30$ мм, $\rho = 1800$ кг/м ²	кг/м ²	54	1,3	70,2
		Барлығы	кг/м ²			103,65
Парапет		Тұрақты жүктемелер:				
	1	Темірбетон, $\delta = 250$ мм, $\rho = 2500$ кг/м ³ , $h = 1,5$ м	кг/м	937,5	1,1	1031,25
	2	Сылақ $\delta = 25$ мм, $\rho = 1800$ кг/м ³ $h = 1,5$ м	кг/м	67,5	1,3	87,75
	3	Алюминий бағыттауышысы бар металл қасбеттік панельдер $D = 15$ кг/м ² , $h = 1,5$ м	кг/м	22,5	1,05	820,8
		Барлығы	кг/м			1939,8


Есептік жүктемелердің үйлесімі ҚНЖЕ 2.01.07-85 талаптарына сәйкес қабылданды.

Кесте-2.2 Есептік жүктемелердің үйлесіміне арналған коэффициенттер

<i>Жүктемелеу атауы</i>	<i>Түрі</i>	<i>1 негізгі</i>	<i>2 негізгі</i>	<i>Ерекше (С)</i>	<i>Ерекше (б.С)</i>
Жүктемелеу 1 Өз салмағы	Тұрақты (П)	1.000	1.000	0.900	1.000
Жүктемелеу 2 Аражабындар. Қабырғалар. Оқшаулағыштар. Төбе жабын.	Тұрақты (П)	1.000	1.000	0.900	1.000
Жүктемелеу 3 Топырақ қысымы	Тұрақты (П)	1.000	1.000	0.900	1.000
Жүктемелеу 4 Ұзақ мерзімді	Уақытша ұзақ мерзімді (Д)	1.000	0.950	0.800	0.950
Жүктемелеу 5 Қысқа мерзімді	Қысқа мерзімді (К)	1.000	0.900	0.500	0.800
Жүктемелеу 6 Қар	Қысқа мерзімді (К)	1.000	0.900	0.500	0.800
Жүктемелеу 7 Сейсмика Х	Сейсмика (С)	0.000	0.000	1.000	0.000
Жүктемелеу 8 Сейсмика Y	Сейсмика (С)	0.000	0.000	1.000	0.000

Есептік схеманы құру

Ғимараттың есептік моделі келесі суретте көрсетілген «2.1»



Сурет-2.1 Ғимараттың есептік модель (изометрия)

Ғимарат есептеу кезінде біз негізгі күштерге үйлесім коэффициенті 2.4-кестеге сәйкес көрсетілген. Алматы қаласы сейсмикаға есептелінетін болғандықтан ерекше (сейсмика) күштерге үйлесім коэффициентін «2.5-кестеге сәйкес» қолдандық

Кесте-2.4 Негізгі күштерге үйлесім коэффициенті

N жүкт.	Түрі	1	2	3	4	5
1	Постоянное(П)	1	1	1	1	1
2	Постоянное(П)	1	1	1	1	1
3	Постоянное(П)	1	1	1	1	1
4	Длительное(Д)	0	1	0	0	0.95
5	Кратковременное(К)	0	0	1	0	0.9
6	Кратковременное(К)	0	0	0	1	0.9

Кесте-2.5 Ерекше (сейсмика) күштерге үйлесім коэффициенті

N жүкт.	Түрі	1	2	3	4
7	Сейсмика(С)	1	0	-1	0

7-1		1	0	1	0
7-2		1	0	1	0
7-3		1	0	1	0
7-4		1	0	1	0
8	Сейсмика(С)	0	1	0	-1
8-1		0	1	0	1
8-2		0	1	0	1
8-4		0	1	0	1
8-5		0	1	0	1
8-7		0	1	0	1

2.2 Ұстынды есептеу

№ Элементтің Қимасы	ЕІК	N кН	M _y кНм	M _z кНм	Q _y кН	Q _z кН
	П+Д+К+С	-4621,68	-62,52	-155,986	-1206,5	42,752
	С	-3388,8	-35,793	-141,24	-893,51	20,6
	П+Д+К	-1232,8	-29,164	-28,927	-231,74	22,15

$$M_l = Q_z \cdot H + M_z = 22,15 \cdot 3 + 28,927 = 95,4 \text{ кНм}$$

$$M_{sh} = Q_z \cdot H + M_z = 20,6 \cdot 3 + 141,24 = 203,04 \text{ кНм}$$

$b \times h = 500 \times 500 \text{ мм}$ өлшемдегі ұстын қимасы; $a = a' = 30 \text{ мм}$; В30 ($E_b = 2,9 \cdot 10^4 \text{ МПа}$) классы ауыр бетон; $\gamma_{b2} = 1,1$; А-500 ($R_s = R_{sc} = 435 \text{ МПа}$, $E_s = 2 \cdot 10^5 \text{ МПа}$) арматура класы; берілетін ұстынның тірек қимасындағы ию моменті мен көлденең әсер ететін күштер тұрақты және уақытша күштерден $N_l = 1232,8 \text{ кН}$, $M_l = 95,4 \text{ кНм}$; сейсмикалық күштерден $N_{sh} = 3388,8 \text{ кН}$, $M_{sh} = 203,04 \text{ кНм}$; ұстынның есептік ұзындығы $l_0 = 3 \times 0,73 = 2,2 \text{ м}$.

Табамыз: $R_b = 17 \cdot 1,1 = 18,7 \text{ МПа}$; $E_b = 2,9 \cdot 10^4 \text{ МПа}$.

$R_s = R_{sc} = 435 \text{ МПа}$; $E_s = 2 \cdot 10^5 \text{ МПа}$.

2.2.1 Арматура қимасының ауданын анықтау керек.

Есеп: $h_0 = h - a = 500 - 30 = 470$ мм. Сейсмикалық күш әсер ететін болғандықтан, (1) шартты тексереміз. Ол үшін моментті есептейміз:

$$M_1 = M_{1l} = M_1 + N_1 * \frac{h_0 - a'}{2} = 95.4 + 1232.8 * \frac{0.47 - 0.03}{2} = 366.62 \text{ кНм}$$

$$M_1 = M_{1l} + M_{sh} = 95.4 + 203.04 = 298.44 \text{ кНм}$$

$$N = N_1 + N_{sh} = 3888.8 + 1232.8 = 4621.6 \text{ кН} * \text{м}$$

$$M_{II} = M_1 = M_1 + N * \frac{h_0 - a'}{2} = 298.44 + 4621.6 * \frac{0.47 - 0.03}{2} = 1315 \text{ кН} * \text{м}$$

Шартқа байланысты $0.82 M_{II} = 0.82 \cdot 1315.2 = 1078.46 \text{ кН} \cdot \text{м} > M_I = 366.62 \text{ кН} \cdot \text{м}$ болғандықтан, есепті «б» жағдайы бойынша жүргіземіз, сонда барлық жүктемелердің әсерімен - $R_b = 18,7 \text{ МПа}$ (яғни $\gamma_{b2} = 1,1$) қабылдаймыз. Сонда: $l_0/h = 2200/500 = 4,4 < 10$

Иілгіштігі ($4 \leq l_0/h < 10$) мен $u = \frac{A_s + A'_s}{A} \leq 0.025$ кезінде қабылдаймыз;

Тік бұрышты қима үшін ҚНЖЕ 2.03.01-84 п.3.54 бойынша N_{cr} анықтаймыз:

$$N_{cr} = 0.15 * \frac{E_b A}{\left(\frac{l_0}{h}\right)^2} = 0.15 * \frac{29000 * 500 * 500}{4.4^2} = 56172 \text{ кН}$$

ҚНЖЕ 2.03.01-84 п.3.54 сәйкес коэффициент η мәні:

$$\eta = \frac{1}{1 - \frac{N}{N_{cr}}} = \frac{1}{1 - \frac{4626.6}{56172}} = 1315 \text{ кН} * \text{м}$$

$$e_0 = \frac{M}{N} = \frac{298440}{4626.6} = 64.5 \text{ мм} > e_a = \frac{h}{30} = 16.7$$

Бетонның сығылған жағының биіктігіне әсері:

$$\xi_R = \frac{\omega}{1 + \frac{\sigma_{SR}}{\sigma_{SC,U}} \left(1 - \frac{\omega}{1,1}\right)} = \frac{0,7}{1 + \frac{365}{400} \left(1 - \frac{0,7}{1,1}\right)} = 0,54$$

мұндағы $\omega = 0,85 - 0,08 \cdot R_b = 0,85 - 0,008 \cdot 18,7 = 0,7$

Иілуді ескергендегі e – мәні:

$$e = e_0 \cdot \eta + \frac{h_0 - a'}{2} = 64,5 \cdot 1,1 + \frac{470 - 30}{2} = 290,95 \text{ мм}$$

$$\alpha_n = \frac{N}{R_b b h_0} = \frac{4626,6 \cdot 10^3}{18,7 \cdot 500 \cdot 470} = 1,05 \text{ мм}$$

$$\alpha_{m1} = \frac{Ne}{R_b b h_0^2} = \frac{4626,6 \cdot 10^3 \cdot 290,95}{18,7 \cdot 500 \cdot 470^2} = 0,65 \text{ мм}$$

$$\delta = \frac{a'}{h_0} = \frac{30}{470} = 0,064 \text{ мм}$$

ҚНЖЕ 2.03.01-84, 18 кестеден $\xi_R = 0,54$.

Сонда $\alpha_n > \xi_R$, Арматура ауданын $A_s = A'_s$ мына формулалар арқылы анықтаймыз:

$$\xi = \frac{\alpha_n(1 - \xi_R) + 2\alpha_s \xi_R}{1 - \xi_R + 2\alpha_s} = \frac{1,05(1 - 0,55) + 2 \cdot 0,16 \cdot 0,55}{1 - 0,55 + 2 \cdot 0,16} = 0,842 > \xi_R = 0,54$$

$$\alpha_s = \frac{a_{m1} - \alpha_n(1 - \alpha_n/2)}{1 - \delta} = \frac{0,65 - 1,05(1 - 1,05/2)}{0,936} = 0,16$$

$$\begin{aligned} A_s = A'_s &= \frac{R_b b h_0}{R_s} \cdot \frac{a_{m1} - \xi \left(1 - \frac{\xi}{2}\right)}{1 - \delta} = \\ &= \frac{18,7 \cdot 500 \cdot 470}{435} \cdot \frac{0,65 - 0,842 \left(1 - \frac{0,842}{2}\right)}{0,936} = 1753,7 \text{ мм}^2 \end{aligned}$$

$$\mu = \frac{A_s + A'_s}{b \cdot h_0} \cdot 100\% = \frac{1753,7 + 1753,7}{500 \cdot 470} \cdot 100\% = 1,5\%$$

$$A_s + A'_s = 3507,4 \text{ мм}^2$$

4Ø32 A500 ($A_s = 45,16 \text{ см}^2$)

Қима беріктілігін шарт бойынша тексереміз:

$$x = \frac{N}{R_b \cdot b} = \frac{4621.6 \cdot 10^3}{18,7 \cdot 500} = 494,3_{мм}$$

$$Ne \leq R_b b x \left(h_o - \frac{x}{2} \right) + R_{sc} A_s (h_o - a') = 4621,6 \cdot 10^3 \cdot 290,95 \leq 18,7 \cdot 500 \cdot 494,3 \left(470 - \frac{494,3}{2} \right) + 435 \cdot 4516 (470 - 30) \Rightarrow 1344,65 \cdot 10^6 H_{мм} < 1894,3 \cdot 10^6 H_{мм}$$

Қима беріктілігі қамтамасыздандырылды.

2.3 Баспалдықты есептеу

Өртүрлі қабаттарда орналасқан сатылар қабат арасында байланыс үшін арналған. Баспалдақтар, баспалдақ алаңдары және марштар – жиналмалы темір-бетоннан жасалған.

B_f - таңбалы қима сөресінің ені;

B - таңбалы қима қабырғасының ені;

B_f^c - сөренің есептік ені;

h - қима биіктігі;

h_f - таңбалық қима сөресінің қалыңдығы;

h_0 -қиманың есептік биіктігі.

$$B_f = 1200\text{мм} = 120\text{см}; \quad h = 200\text{мм} = 20\text{см};$$

$$h_f = 30\text{мм} = 3\text{см}; \quad B = 2 \cdot 80 = 160\text{мм} = 16\text{ см};$$

$$\frac{h_f}{h} = \frac{30}{170} = 0.176 > 0.1 \quad B_f' = 12 \cdot h_f + B = 12 \cdot 30 + 160 = 520\text{мм} = 52\text{см};$$

Бетонның қорғаныс қабатын шамамен 4 см деп қабылдаймыз.

$$h_0 = h - a = 200 - 40 = 160\text{мм} = 16\text{ см};$$

Марш үшін В25 бетонын қолданамыз. Есептік сипаттамалар:

$$R_b = 11.5\text{МПа} = 1.15\text{кН/см}^2$$

$$R_{b \cdot \gamma_{b2}} = 11.5 \cdot 0.9 = 10.35\text{МПа} = 1035\text{кН/см}^2$$

$$R_{bt} = 0.9\text{МПа} = 0.09\text{кН/см}^2$$

$$R_{bt \cdot \gamma_{b2}} = 0.9 \cdot 0.9 = 0.81\text{МПа} = 0.081\text{кН/см}^2$$

$$E_b = 27 \cdot 10^3\text{МПа} = 2.7 \cdot 10^3\text{кН/см}^2$$

Бойлық арматура классы А500:

$$R_s = 435\text{МПа} = 43.5\text{кН/см}^2$$

$$E_s = 20 \cdot 10^4\text{МПа} = 2.0 \cdot 10^4\text{кН/см}^2$$

Көлденең арматура классы А300:

$$R_s = 270\text{МПа} = 27\text{кН/см}^2$$

$$E_s = 21 \cdot 10^4\text{МПа} = 2.1 \cdot 10^4\text{кН/см}^2$$

Бойлық жұмыс арматурасын есептеу:

$x = h_s'$ таңбалы қима сөресіне түсетін момент

$$M_f = R_{b \cdot \gamma_{b2}} \cdot B_f' \cdot h_f (h_f - 0.5 h_s') = 1.035 \cdot 52 \cdot 3 (14.5 - 0.5 \cdot 3) = 2099\text{ кН/см}$$

$$M \leq M_f \quad M = 692.66\text{ кН} \cdot \text{см} < M_f = 2099\text{ кН} \cdot \text{см}$$

1-ші есептік жағдай бар, қимасы тікбұрышты ретінде қарастырылады.

$$A_0 = \frac{M}{R_b * \gamma_{b2} * B'_f * h_0^2} = \frac{692.66}{1.035 * 5^2 * 14.5^2} = 0.061$$

коэффициент кестесі бойынша анықтаймыз: $\eta=0.968$; $\xi=0.0689$
Жұмыс арматурасының ауданын анықтаймыз:

$$A_s = \frac{M}{R_s * h_0 * \eta} = \frac{692.66}{36.5 * 14.5 * 0.968} = 1.35 \text{ см}^2$$

Әрбір бұрышта 1 өзекше қабылдаймыз 2 Ø16 A500 ($A_s=1,57\text{см}^2$)

Көлбеу қималар бойынша элементтің беріктігін есептеу:
Тіректегі көлденең күш:

$$Q_{max} = 11.84 * 0.95 = 11.25 \text{ кН}$$

Бойлық А осындағы есептік көлбеу қиманың проекциясын есептейміз:

$$B_b = \varphi_{b2} * (1 + \varphi_f + \varphi_n) R_{bt} * \gamma_{b2} * b * h_0^2;$$

$$\varphi_f = 2 * \frac{0.75 * (3h'_f) * h'_f}{B * h_0} = 2 * \frac{0.75 * 3 * 3^2}{16 * 14.5} = 0.175 < 0.5$$

$$B_b = 2 * (1 + 0.175) * 0.9 * 0.9 * 16 * 14.5^2 * 100 = 6.4 * 10^5 \text{ Н/см}$$

Есептік көлбеу қимада:

$$Q_B = Q_{sw} = Q/2$$

$$Q_B = B_B/2$$

$$C = \frac{B_B}{0.5 * Q} = \frac{6.40 * 10^5}{0.5 * 111840.3} = 108.1 \text{ см}$$

$$2h_0 = 2 * 14.5 = 29 \text{ үлкен}$$

$$Q_B = \frac{B_B}{C} = \frac{6.40 * 10^5}{29} = 22,1 * 10^3 \text{ Н}$$

$$Q_B = 22.1 \text{ кН} > Q'_{max} = 11.25 \text{ кН}$$

демек, есептеу бойынша көлденең арматура қажет емес.

А-240 класты болаттан жасалған диаметрі 8 мм көлденең өзекшелерді конструктивті пайымдаудан тағайындаймыз, қадам $S=80$ мм. ($h/2=170/2=85$ мм артық емес), $A_{sw}=0,283$ см²., $R_{sw}=173$ МПа.

2 қаңқалар үшін $n=2$, $A_{sw}=0,566$ см².

Қабырғалардың ортаңғы бөлігінде көлденең арматураны 200 мм қадаммен конструктивті орналастырамыз.

Мынадай формула бойынша еңіс жарықтар арасындағы еңіс жолақтар бойынша элементтің беріктігін тексереміз:

$$Q = 0.3 * \varphi_{w1} * \varphi_{B1} * R_b * \gamma_{b2} * h_0;$$

$$\varphi_{w1} = 1 + 5\lambda * \mu_w = 1 + 5 * \frac{2.1 * 10^5}{2.7 * 10^4} * \frac{0.566}{16} * 8 = 1.17$$

$$\varphi_{B1} = 1 - 0.01 * 14.5 * 0.9 = 0.87$$

$$Q = 11840 < 0.3 * 1.17 * 0.87 * 14.5 * 0.9 * 16 * 14.5 * 100 = 93000H$$

Шарт сақталады, еңіс қимасы бойынша марш беріктігі қамтамасыз етілген.

Марш плитасын 100, 300 мм қадаммен орналасқан диаметрі 8 мм өзекшелерден тормен арматуралайды.

3 Құрылыс өндірісінің технологиясы мен ұйымдастыруы

3.1 Топырақ көлемін анықтау жұмыстары

1. Өсімдік қабатын кесу.

$$V = [(a + 2) \times (b + 2)] \cdot 0,25 = (102+2)(18+2) \times 0,25 = 520 \text{ м}^3;$$

2. Қазаншұңқыр көлемін табу.

$$A = A_0 + 2e + 2d = 102 + 2 \cdot 0,8 + 2 \cdot 0,7 = 105 \text{ м}$$

$$B = B_0 + 2e + 2d = 18 + 2 \cdot 0,8 + 2 \cdot 0,7 = 21 \text{ м}$$

мұндағы A және B - іргетас табаны бойынша ені мен ұзындығы;
 e және d - іргетастарының тақталарының осьтен шығу қалыңдығы.

$$C = 2mH + A = 2 \cdot 0,5 \cdot 1 + 105 = 106 \text{ м}$$

$$D = B + 2mH = 2 \cdot 0,5 \cdot 1 + 21 = 22 \text{ м}$$

мұндағы C және D - қазаншұңқырдың беті бойынша ені мен ұзындығы;
 m - еңістік коэффициенті
 H - қазаншұңқыр тереңдігі

$$\begin{aligned} V_K &= \frac{H}{6} [A \cdot B + C \cdot D + (A + C)(B + D)] = \\ &= \frac{1}{6} [105 \cdot 21 + 106 \cdot 22 + (105 + 106)(21 + 22)] = 2268 \text{ м}^3 \end{aligned}$$

3. Қазаншұңқыр табанының механикалық жобасы

$$F_{\text{мех}} = a \cdot b = 105 \cdot 21 = 2205 \text{ м}^2$$

4. Алынбаған топырақ көлемі

Қазаншұңқырдың алынбаған топырағын арнайы машина құралдарымен өңдеу қажет. Алынбаған топырақтың қалыңдығы жер қазатын машинаның түрі мен шөміш көлеміне байланысты анықталады. Топырақтың алынбаған көлемі мына формуламен анықталады:

$$V_{\text{алын.}} = F \cdot \Delta n = 2205 \cdot 0,15 = 330,75 \text{ м}^3$$

мұндағы F - қазаншұңқыр ауданы және траншея асты;

Δn - қалған топырақ қалыңдығы (0,15...0,2).

5. Қайта көму топырағы.

$$V_{KK} = (V_K - V_Z) \cdot K_{O,P} = (2268 - 2205) \cdot 1.03 = 65 \text{ м}^3$$

мұндағы $V_{IPГ}$ - іргетас көлемі;

K_{KK} - қопсытылған топырақ коэффициенті.

6. Қайта көму топырақтың көлемі.

$$V_{шұң.} = V_{KK} = 65 \text{ м}^3$$

Көлікке топырақ тиеу көлемі.

$$V_{көл.тieu.} = V_K \cdot K_{O,P} - V_{KK} = 2268 \cdot 1.03 - 65 = 2271 \text{ м}^3$$

Тығыздалатын топырақтың ауданы:

Жабдық, еден, құлама, кіреберіс жолдардың іргетасына негіз болатын қайта толтыруға қажет топырақтың барлығы тығыз болуы қажет. Төгілетін және тығыздалған қабаттардың қалыңдығын анықтау кезінде топырақ тығыздағыш құралдар БНЖБ-ді пайдаланады (1). Тығыздалу көлемі негізінен тығыздалу ауданына қарай өлшенеді. Оны тығыздалған қабаттың орташа мәнін қою арқылы табуға болады:

$$F_T = V_{K.K} \cdot 0,2$$

$$F_T = 65 \cdot 0.2 = 13 \text{ м}^2$$

3.2 Техника–экономикалық көрсеткіштерге сәйкес экскаватор таңдау

Қазандықтарды орнату кезінде топырақты дайындау және ауыстыру автосамосвалдармен бірге бульдозер, экскаваторларды пайдалану арқылы орындалады.

Жер жұмыстары өндірісі кезінде процесс тәсілдерін таңдау алуан түрлі машиналар жиынтығының техника–экономикалық салыстыру негізінде жүргізіледі. Салыстыру үшін түрлері бір 2-3 машинаны таңдау керек.

Қазаншұңқыр топырағын өңдеу үшін, төмендегі экскаваторлардың бірін таңдап, пайдалануымыз мүмкін. Экскаватордың сыйымдылығын таңдау үшін, кері күректі экскаваторға арналған ұсыныстарды қолданып, экскаватордың жұмыс көлемдері және есептік сипаттамалары қаралады.

Кесте-3.1 Топырақ көлеміне байланысты ожау сыйымдылығы

Қазаншұңқырдың топырақ көлемі, м ³	Ожау сыйымдылығы, м ³
1	2
500 дейін	0.15
500÷ 1500	0.24 және 0.3
1500÷ 5000	0.5
2000÷ 8000	0.65
6000÷ 11000	0.8
11000÷ 15000	1
13000÷ 18000	1.25
15000 кейін	1.5

1 нұсқа.

Бір шөмішті экскаватор (механикалық жетек) Э-5015А:

Шөміштің сыйымдылығы $V_{ш}=0,5 \text{ м}^3$;

Қазу тереңдігі $h_{г}=1,33 \text{ м}$;

Машинаға тиеу биіктігі $H_{в}=2,25 \text{ м}$;

Қазу радиусы $R=7,8 \text{ м}$;

Экскаватордың қуаты 28(38)кВт(л.с.);

Экскаватордың салмағы 11,3 тн;

Смаш–ауысым – 22,1 тг;

Со.п.– 19,6 мың тг;

Уақыт нормалар: N1-5,7 навимет N2-7,1 көлікке тиеумен бірге .

2 нұсқа.

Бір шөмішті экскаватор (гидравликалық жетек) Твэкс ЕК-14:

Шөміштің сыйымдылығы $V_{ш}=0,65 \text{ м}^3$;

Қазу тереңдігі $h_{г}=5.51 \text{ м}$;

Машинаға тиеу биіктігі $H_{в}=5,2 \text{ м}$;

Қазу радиусы $R=8,2 \text{ м}$;

Экскаватордың қуаты 59(80)кВт(л.с.);

Экскаватордың салмағы 14,5 тн;

Смаш–ауысым – 28,2 тг;

Со.п.–26,1 мың тг;

Уақыт нормалар: N1-4,3 навимет N2-5,3 көлікке тиеумен бірге .

Экономикалық тиімді экскаваторды таңдау үшін, шұңқыр топырағын өңдеудің 1 м^3 топыраққа арнап, өзіндік құнын анықтау арқылы жүргізіледі. Ол үшін әр бір экскаватор үшін 1 м^3 топырақтың өзіндік құны мына формула арқылы анықталады:

$$C = \frac{1,08 \cdot C_{\text{маш.ауыс}}}{P_{\text{ауыс.өнім}}}$$

мұндағы 1,08– шығындарды есептеуші коэффициент;
 Смаш–ауысым–1маш–ауысым құны, тг;
 Пауысым–өнім–экскаватордың 1ауысымдағы еңбек өнімділігі, м³/ау.
 Экскаватордың 1 ауысымдағы еңбек өнімділігі келесі формуламен анықталады.

$$P_{\text{ауыс. нні}} = \frac{V_K}{\sum N_{\text{маш.ауыс}}}$$

мұндағы V_K – қазаншұңқыр көлемі, м³;
 $\sum N_{\text{маш.ау}}$ – экскаватордың маш.ау. қосындысының саны;

$$\sum N_{\text{маш.ау}} = \frac{\frac{V_{\text{нав}}}{100} N_1 + \frac{V_{\text{к.т}}}{100} N_2}{8,2}$$

Әр бір экскаватор үшін 1м³ топырақты өңдеу үшін салыстырма қаржыны анықтаймыз.

$$K_{\text{уд}} = \frac{1,07 \cdot C_{\text{о.п}}}{P_{\text{ауыс.өнім}} \cdot t_{\text{ыл}}}$$

мұндағы: $C_{\text{о.п.}}$ – экскаватордың есептік құны, мың тг.
 Экскаватормен 1м³ топырақты өңдеудің шартты шығынын анықтаймыз.

$$П = C + E_n \cdot K$$

мұндағы E_n – қаржылық, тиімділік, нормативтік коэффициенті, (0,15);

I– ші экскаватор - Э-5015А үшін.

$$C = \frac{1,08 \cdot C_{\text{маш.ауыс}}}{P_{\text{ауыс.өнім}}} = \frac{1,08 \cdot 22,1}{113,4} = 0,21 \text{ тг}$$

